

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 1152 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17 -18, 213-құжат; 1998 ж. N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 174, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мәтіндегі "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдарының", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдарына", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдарының", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдарына" деген сөздер тиісінше "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдары", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарының", "қоршаған ортаны

қорғау саласындағы уәкілетті органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тараулардағы "I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X, XI, XII, XIII, XIV, XV, XVI, XVII, XVIII, XIX" деген сандар " 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19" деген сандармен ауыстырылсын;

3) 1 - б а п т а :

жиырма бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өндіріс қалдықтары - өнімдерді шығару, өзге де технологиялық жұмыстарды орындау кезінде пайда болған және сондай-ақ техногендік минералдық құрылымдар мен ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтарын қоса алғанда осы өндірісте қолдануға сәйкес келетін бастапқы тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан шикізаттың, материалдардың, химиялық қосылыстардың қалдықтары;"

мынадай мазмұндағы жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші және отыз үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"тұрмыстық қалдықтар - адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған қ а л д ы қ т а р ;

қалдықтардың түрлері - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін, жалпы белгілері бар қалдықтардың жиынтығы;

қалдықтардың қауіптілік сыныбы - өлшемдерін қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар анықтайтын, адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал зиянды әсер ету дәрежесі бойынша анықталатын қалдықтардың зияндылық көрсеткіші;

аз қалдықты технология - осы өнімдерді алудың қолданылып жүрген тәсілдерімен салыстырғанда өнімдердің бірлігін өндіру кезінде қалдықтардың аз саны пайда болатын өнімдерді өндіру процесі;

қалдықтардың пайда болу нормативтері - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін өнім бірлігін өндіру кезіндегі қалдықтар саны;

қалдықтармен жұмыс істеу нормативтері - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін олардың қоршаған ортаға әсер етуін ескере отырып, қалдықтардың пайда болуына, жиналуына, сақталуына, пайдаланылуына, кәдеге асырылуына, тасымалданылуына және көмілуіне байланысты сандық және сапалық ш е к т е у л е р ;

қалдықтармен жұмыс істеу - қалдықтарды құрауға, жинауға, сақтауға пайдалануға, әдеге асыруға, тасымалдауға және көмуге байланысты қызметтің барлық түрлері;

қалдықтарды орналастыру объектісі - қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған полигондар, қоқыс сақтағыштар, қалдық сақтағыштар, кен жыныстарының үйінділері және басқа да арнайы жабдықталған орындар;

қауіпті қалдықтар - зиянды заттарды құрайтын және қауіпті қасиеттері бар (улы, жарылғыш, өрт қауіпті, жоғары реакциялық қабілетті), не адам денсаулығы мен

қоршаған орта үшін жеке тұрғанда немесе басқа заттармен әрекетке түскен кезде қауіп
т ө н д і р у і м ү м к і н қ а л д ы қ т а р ;

тұтыну қалдықтары - табиғи және моральдық тозу нәтижесінде өзінің
тұтынушылық қасиетін толық немесе ішінара жойған бұйымдар, материалдар мен
з а т т а р ;

қалдықтардың паспорты - қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамасын
к у ә л а н д ы р а т ы н қ ұ ж а т ;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар - қоршаған ортаны қорғау
саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері";

4) 7-бап мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын
ә з і р л е й д і ; " ;

5) 8-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші
а б з а ц т а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"қалдықтардың пайда болу нормативтерін, қалдықтармен жұмыс істеу
нормативтерін және қалдықтардың түрлерін белгілейді және бекітеді;
халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті
органмен бірлесіп қалдықтарды қауіптілік сыныбына жатқызу өлшемдерін анықтайды;"
;

6) 36-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қалдықтармен жұмыс істеу нормативтері";

7) мынадай мазмұндағы 60-1, 60-2, 60-3 және 60-4-баптармен толықтырылсын:

"60-1. Қалдықтардың паспорты

Қызметтерінің процесінде қалдықтар пайда болатын заңды және жеке тұлғалар
үлгілік нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган анықтайтын
қалдықтардың паспортын жасауы тиіс.

60-2. Қалдықтар орналастырылатын объектілерге
қойылатын талаптар

1. Қалдықтар орналастырылатын объектілердің орнын анықтау мемлекеттік
экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы
болған кезде арнайы (геологиялық, гидрологиялық және өзге) зерттеулердің негізінде
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Қалдықтарды орналастыру объектілерінің аумақтарында және олардың қоршаған
ортаға әсер ету шегінде жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау және
халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті
органдар белгілеген тәртіппен қоршаған ортаның жай-күйінің мониторингін жүргізеді.

3. Жеке және заңды тұлғалар қалдықтарды орналастыру объектілерін пайдалануды
аяқтағаннан кейін олардың жай-күйі мен қоршаған ортаға әсер етуіне бақылау жасауға
және бұзылған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізуге міндетті.

4. Қалалар мен басқа елді мекендердің аумақтарында, орман парктерінде, курортты, емдеу-сауықтыру, рекреациялық, сондай-ақ су қорғалатын аймақтарда ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын, жерасты су объектілерінің су жиналатын алаңдарында қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Пайдалы қазбалар жатқан жерлердің ластану қаупі төнген және кен жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігіне қатер туындаған жағдайда пайдалы қазбалар жатқан және кен жұмыстары жүргізілетін жерлерде қалдықтарды көмуге тыйым салынады.

60-3-бап. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын талаптар

1. Қалдықтардың қауіптілік сыныбын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және кен-техникалық қадағалау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп бекітетін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіппен оларды өндірушілер анықтайды.

Қызметтерінің процесінде қауіпті қалдықтар пайда болатын жеке және заңды тұлғалар осы қалдықтарды нақты қауіптілік сыныбына жатқызуды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен растауға міндетті.

2. Процесінде қауіпті қалдықтар пайда болатын жеке және заңды тұлғалардың қызметтері:

1) адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу қамтамасыз етілмеген кезде шектелуі;

2) адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтырған қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бірнеше рет (екеуден кеп) бұзған жағдайда тыйым салынуы мүмкін.

60-4-бап. Қалдықтарды халықаралық тасымалдау

1. Қалдықтарды халықаралық тасымалдауды реттеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасында қалдықтарды әкелуге (әкетуге) бақылауды шекаралық, көліктік және кедендік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етеді.";

7) мынадай мазмұндағы 10-1-тараумен және 62-1, 62-2, 62-3, 62-4 баптармен толықтырылсын:

"10-1-тарау. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар
62-1-бап. Үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалауға, салуға, қайта жаңартуға, консервациялауға және жоюға қойылатын талаптар

1. Пайдалану процесінде қалдықтар пайда болатын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалау, салу қайта жаңарту, консервациялау және жою кезінде заңды және жеке тұлғалар:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды сақтауға; пайда болатын қалдықтарды пайдалану, залалсыздандыру, кәдеге асыру туралы нормативтік-техникалық құжаттамасының болуы міндетті.

2. Пайдаланылуы қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді салуға, қайта жаңартуға, консервациялауға және жоюға мемлекеттік экологиялық сараптаманың, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мемлекеттік органдары және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы органдар сараптамаларының оң қорытындысы болған жағдайда жол беріледі.

3. Пайдалану процесінде қалдықтар пайда болатын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар белгілейтін қалдықтармен жұмыс істеу нормативтеріне сәйкес оларды жинау үшін орын (алаң) көздеу қажет.

62-2. Үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалану кезінде қойылатын талаптар

1. Жеке және заңды тұлғалар қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалану кезінде:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды сақтауға;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қалдықтардың пайда болу санын азайту мақсатында олардың пайда болу нормативтерінің жобаларын әзірлеуге және оған бекітуге ұсынуға;

жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде аз қалдықты технологияларды енгізуге;

қалдықтар мен объектілерге олардың орналастырылуына түгендеу жүргізуге; қалдықтарды орналастыру объектілерінің аумақтарында қоршаған орта жай-күйінің мониторингін жүргізуге;

қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу талаптарын сақтауға және оларды жою жөнінде кезек күттірмейтін шараларды қабылдауға;

қоршаған ортаға, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялар туындаған немесе қауіп төнген жағдайда, бұл туралы қоршаған

ортаны қорғау саласындағы, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға тезарада х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

2. Қалдықтармен жұмыс істеу адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіпті әсерге ұшырататын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалауға тыйым салынады.

62-3-бап. Елді мекендердің аумақтарында қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар

1. Елді мекендердің аумақтары қалдықтардан ұдайы тазартылуға жатады.

2. Елді мекендердің ұсталуын бақылауды санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің және қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті органдарымен бірлесе отырып жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

62-4-бап. Қалдықтарды тасымалдауға қойылатын талаптар

1. Қалдықтарды тасымалдауға мыналар:

1) қалдықтардың паспорты;

2) қауіпті қалдықтарды тасымалдауға қойылатын қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, арнайы жабдықталған және арнайы белгілермен жабдықталған көлік құралдары;

3) тасымалданатын қауіпті қалдықтардың санын, оларды тасымалдау мақсаты мен орнын көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың тасымалдау құжаттары мен оларды беру үшін құжаттар болған жағдайларда рұқсат етіледі.

2. Қауіпті қалдықтарды тасымалдаудың, оның ішінде көлік құралдарында тасымалдаудың тиеу-түсіру жұмыстарын орындаудың тәртібін қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы салаларындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша көлік, коммуникациялық кешенде басшылық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды .
" ;

8) Мынадай мазмұндағы 16-1 тараумен және 80-1, 80-2, 80-3, 80-4 баптармен толықтырылсын:

"16-1 тарау. Қалдықтармен жұмыс істеуді бақылау

80-1-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылау

1. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік бақылау мыналарды: қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптардың орындалуын бақылауды; қалдықтарды халықаралық тасымалдауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды ;

қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттарының сақталуын бақылауды;

қалдықтармен жұмыс істеу кезінде туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды;

қауіпті қалдықтарды тасымалдау талаптары мен ережелерінің сақталуын бақылауды ;

қосымша шикізат көзі ретінде қалдықтардың санын азайту және шаруашылық айналымға қалдықтарды тарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды;

қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ұсынылатын ақпараттың және қалдықтар туралы есептіліктің шынайылығын бақылауды;

Қазақстан Республикасының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңдарын бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шараларды бақылауды өзіне қамтиды.

3. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

80-2-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуді өндірістік бақылау

1. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар өз қызметі барысында Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының сақталуын өндірістік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

2. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар дербес әзірлейді әрі бекітеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келіседі.

80-3-бап. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есеп және есептілік

1. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құралған, пайдаланылған, залалсыздандырылған, басқа тұлғаларға берілген немесе басқа тұлғалардан алынған, сондай-ақ орналастырылған қалдықтардың есебін белгіленген тәртіппен жүргізуге міндетті.

2. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есепті жүргізудің тәртібін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар есепті халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және статистика салаларындағы уәкілетті органдардың келісімі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және мерзімде ұсынуға міндетті.

4. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар есепке алу материалдарын Қазақстан Республикасының Мұрағаттар

мен құжаттаманы басқару уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген мерзім ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.

80-4-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры

1. Қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі мәліметтердің жүйесін есепке алу мақсатында қалдықтардың Мемлекеттік кадастры жүргізіледі.

2. Қалдықтардың Мемлекеттік кадастрын жүргізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы жүзеге асырады."

2-бап. Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК